

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы жасасу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қазандағы № 1142 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы № 1122 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2004 № 1122 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі Ғалым Избасарұлы Оразбақовқа грузин тарабымен келіссөздер жүргізуге және уағдаластыққа қол жетісімен, қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген хаттаманы жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістер енгізу туралы келісті:

1. 2-баптың 1-тармағында "жыл сайын" деген сөздер алынып тасталсын.

2. 2-баптың 2-тармағында "жыл сайын" деген сөздер алынып тасталсын.

3. 2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Келісімнің мақсаттары үшін және оның күшінде болатын кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің кеден аумағынан шыққан тауарлар деп Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығы Үкіметтері басшылары кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген "Тауарлар шыққан елдерді айқындау ережесімен" шығу тегі айқындалған тауарлар түсініледі".

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттаманың күшіне енген күнінен бастап Келісімнің Еркін сауда режимінен алулар туралы хаттамасының қолданысы тоқтатылады.

_____ қаласында 2002 жылғы _____ әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, мұның өзінде барлық мәтіндердің күші бірейді.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Грузия

Үкіметі үшін